

Жаңалық релизі

Алматы уақытымен 12:00/ 0700 UTC 1 тамыз 2025 жыл дейін жариялауға эмбарго

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНДЕУШІ САЛАЛАР БОЙЫНША PMI®

Жаңа тапсырыстар баяулағандықтан,
өндірістегі өнім көлемі тағы да азайды

Жаңа тапсырыстар өсімі жыл ішіндегі ең төмен деңгейде

Өнім өндіру мен жұмыспен қамту қысқарды

Нарықтағы белгісіздік аясында қор жинақталып қалды

Жылдың екінші жартысы басталғанда Қазақстанның өңдеу өнеркәсібіндегі іскери ахуал әлсіз күйінде қалды.

Шілде айында жаңа тапсырыстар саны тағы артқанымен, өсім қарқыны баяулай берді, ал өнім өндіру мен жұмыспен қамту одан әрі қысқарды. Сұраныс бәсеңдегендіктен өндіріске қажет заттар мен дайын өнімдер қоймада қалып, қор жинақталды.

Сонымен қатар ұлттық валютаның әлсіреуі салдарынан өндірістік шығындардың өсу қарқыны күрт жеделдеді.


Freedom Holding Corp. дайындаған Қазақстанның Өңдеу Өнеркәсібі PMI® (Сатып алу менеджерлері индексі™) шілде айында маусымдағы 49,7 мәнінен сәл өсіп, 49,9-ға жетті, алайда ол 50,0 мәнінен төмен күйінде, яғни ахуалдың өзгергенін білдіретін деңгейге жетпеді.

Соңғы сауалнама кезеңінен кейінгі басты оң көрсеткіш – жаңа тапсырыстар өсуде, шілде айында өсім қатарынан он сегізінші айға жалғасты. Десе де сұраныстың әлсіреуі байқалды, осылайша жаңа бизнестің арту қарқыны қатарынан екінші ай баяулап, соңғы бір жылдағы ең әлсіз деңгейге түсті.

Жаңа тапсырыстар баяулап, қоймадағы қор клиенттер сұранысын өтеуге жететіндіктен, өндірушілер екінші ай қатарынан өндірісті қысқартты. Алайда оның қарқыны елеусіз және маусымға қарағанда әлсіздеу болды.

Өнім өндіруге қажеттілік бәсеңдеген соң кәсіпорындар кей қызметкерлерді ақысыз демалысқа жіберіп, жұмыспен қамту да екінші ай қатарынан төмендеді. Бұл жолы қысқару қарқыны жеделдеп, 2023 жылғы наурыздан бері ең жоғары деңгейге жетті.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған



Дерек 2025 ж. 10-24 шілде аралығында жиналған.


Дереккөз: Freedom Holding Corp. S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

Пікір

Ерлан Әбдікәрімов, Freedom Finance Global PLC (Freedom Holding Corp. 100% еншілес компаниясы) Қаржылық талдау департаментінің директоры:


«Шілдедегі PMI деректері Қазақстанның өңдеу өнеркәсібінде айқпас түйткілдер бар екенін білдіреді. Сұраныс бәсеңдесе де, компаниялар клиенттік базасын кеңейту арқылы бейімделгіштігін танытып отыр. Әсіресе импортқа тәуелді секторлар үшін теңгенің құнсыздануы өндірістік шығын инфляциясын күшейтті, бұл жеткізу тізбегін әртараптандыру маңызды екенін тағы да көрсетті. Үкіметтің қолдауы – әсіресе жоғары қосылған құны бар өндірісті дамытуға бағытталған шаралар – жүйелі нәтижелер бере қойған жоқ, бірақ ұзақ мерзімді өсу әлеуетін сақтап отыр. Алдағы жылдан күтетін үміт бәсеңдегенімен, жалпы іскери көңіл-күй салыстырмалы түрде орнықты қалпында қалды».

■ PMI Өндіріс ■ PMI Жұмыспен қамту
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

■ PMI Ресурс бағасы ■ PMI Дайын өнім бағасы
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

Кәсіпорындар аяқталмаған жұмыс көлемін игеруге кірісіп, кейінге қалдырылған тапсырыстар бесінші ай қатарынан қысқарды.

Кей компаниялар жаңа тапсырыстар санының өсуіне орай сатып алуды ұлғайтты, басқалары бизнестің баяулауына қарай шикізат сатып алуды азайтуды ұйғарды. Нәтижесінде шілде айында жалпы сатып алу белсенділігі өзгеріссіз қалды.

Шикізат сатып алған фирмалар жеткізу мерзімі үшінші ай қатарынан кешеуілдеуімен бетпе-бет келді. Сауалнамаға қатысушылар кедендегі кідіріс пен логистикадағы қиындықтар туралы хабарлады.

Жаңа тапсырыстардың баяу өсуі мен өндірістегі қажеттіліктің төмендеуінен шілде айында қоймадағы қор көлемі ұлғайды.

Өндірістің қысқаруына байланысты пайдаланылмаған шикізат қорда қалып, соңғы төрт айда алғаш рет сатып алынған тауарлар қоры сәл өсті. Дайын өнім қоры да соңғы бес айда алғаш рет артты. Сонымен қатар қордың жинақталу қарқыны 2023 жылдың сәуірінен бергі ең жоғары деңгейге жетті.

Шілде айында өндірістік шығындар инфляциясы күрт жеделдеп, соңғы бес ай ішіндегі ең жоғары көрсеткішке жетті. Сауалнамаға қатысушылар шығындардың өсуіне ұлттық валютаның құнсыздануы себеп болғанын атап өтті.

Шикізат құнына кеткен шығын клиент қалтасы есебінен өтелетіндіктен, дайын өнім бағасының өсу қарқыны да жеделдеді. Кейбір компаниялар бәсеке қысымына жауап ретінде бағаны түсіргендіктен өндірістік шығындарға қарағанда инфляция қарқыны елеулі болған жоқ.

Іскери сенім деңгейі 2025 жылғы ең төмен деңгейде және жалпы орташа көрсеткіштен төмен болды. Соған қарамастан, өндірушілер алдағы жылы жаңа келісімшарттарға қол қойылады деген үмітпен өндіріс көлемі өседі деп оптимистік күйде отыр.

Байланысушы тұлға

Ерлан Әдбікәрімов
Қаржылық талдау
департаментінің директоры
Freedom Finance Global PLC
Yerlan.abdikarimov@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Эндрю Харкер
Экономика жөніндегі
директор
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1491 461 016
andrew.harker@spglobal.com

Қоғаммен байланыс
департаменті
Freedom Finance Global PLC
pr@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Ханна Брук
ЕМЕА елдері бойынша
коммуникация менеджері
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 7483 439 812
hannah.brook@spglobal.com
press.mi@spglobal.com

Егер S&P Global жаңалықтар релизін алғыңыз келмесе press.mi@spglobal.com поштасына хабарлаңыз. Біздің құпиялық саясатымыз туралы [осы тұстан](#) оқыңыз.

Әдістеме

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI® 250 жуық өндіруші компанияның сату жөніндегі менеджерлеріне жіберген сауалнамаға берілген жауаптар негізінде S&P Global әзірлеген. Бұл панель ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айнаымалысы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.

Негізгі көрсеткіш - Сату жөніндегі менеджерлер индексі™ (PMI). PMI - келесі бес индекстің орташа есептелген мәні. Жаңа тапсырыстар (30%), Өндіріс (25%), Жұмыспен қамту (20%), Жеткізіп беру уақыты (15%) және Сатылым қоры (10%). Жеткізіп беру уақыты бойынша PMI есептеу үшін өзге индекстермен салыстырмалы бағытта қозғалатындай етіп алмастырылады.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін economics@spglobal.com поштасына жазыңыз.

S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi

Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдамаса деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»), Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік, міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілері») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайданы жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.

Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртараптандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 7,5 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 22 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

www.freedomholdingcorp.com

S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүгінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші ұйымдардың болашағын бүгін болжуына көмектесеміз.

www.spglobal.com